

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ОРТА БІЛІМ БЕРУ КОМИТЕТІ» РММ



РГУ « КОМИТЕТ СРЕДНЕГО
ОБРАЗОВАНИЯ МИНИСТЕРСТВА
ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»

010000, Астана қаласы, Министрліктер Үйі
Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 11-кіреберіс
тел.: (7172) 74-22-92, www.gov.kz/memleket/entities/kdso

010000, город Астана, Дом министерств
Проспект Мәңгілік Ел, 8, 11 подъезд
тел.: (7172) 74-22-92, www.gov.kz/memleket/entities/kdso

№

Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларына

*Педагогтерді аттестаттау
қағидалары мен шарттарына қатысты*

Педагогтерді аттестаттау қағидасы мен шарттарына (бұдан әрі - Қағида) 2024 жылғы 2 сәуірде Оқу-ағарту министрінің № 72 бұйрығымен өзгерістер енгізіліп, **аталған Қағида екі қосымшамен бекітілген болатын.**

Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес бекітілген норма 2024 жылы 8 сәуірден күшіне еніп, ағымдағы жылы сәйкесінше педагогтерді аттестаттау жүргізілді.

Қағидаға 2-қосымшамен бекітілген норма 2025 жылғы 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді және ол норма бойынша педагогтердің құжаттары Педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы (бұдан әрі - Платформа) арқылы қабылданып, сол жерде аттестаттау жүргізілуі тиіс.

Бүгінде Платформаның еліміздегі басқа да ақпараттық жүйелермен (педагогтің білімі туралы құжаты (дипломы), білім сапасы, білім алушыны (тәрбиеленушінің) және педагогтің жетістіктері, педагогикалық тәжірибені жалпылау және т.б.) интеграциялануы жалғасуда, бұл өз кезегінде техникалық тұрғыдан әлі де қосымша уақытты қажет етеді.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығы жобасын (бұдан әрі – Бұйрық жобасы) әзірлеуде.

Бұйрық жобасына сәйкес педагогтерді аттестаттау рәсімі Платформа арқылы **кезең-кезеңімен** жүзеге асырылатын болады. **2025 жылғы 1 қаңтардан бастап аттестаттау:**

- Платформа арқылы - «педагог-модератор», «педагог-сарапшы»;

- электрондық үкіметтің веб-порталы арқылы (ПЭП) - «педагог-сарапшы» біліктілік санаттары бар педагогтерді Платформа арқылы, «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер», «үшінші санаттағы басшы», «екінші санаттағы басшы», «бірінші санаттағы басшы», «үшінші санаттағы басшы орынбасары», «екінші санаттағы басшы орынбасары», «бірінші санаттағы басшы орынбасары» біліктілік санаттары бар педагогтердің құжаттары қабылданатын болады деп жоспарлануда.

Педагогтің материалдары (портфолиосы) Платформада әртүрлі дерекқорлардан құжаттарды (мәліметтерді) жинау және өңдеу арқылы қалыптастырылады.

Дерекқорларда құжаттар (мәліметтер) жетіспеген жағдайда білім беру ұйымының жауапты тұлғасының (бұдан әрі – Жауапты тұлға) деректерді қолмен енгізуіне жол беріледі. Осы ретте, Платформаға педагогтердің құжаттарын (портфолиосын) енгізетін Жауапты тұлғаны белгілеп, білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекіту қажет.

Материалдарды (портфолионы) қалыптастыру кезінде дәйексіз мәліметтер ұсыну фактісі анықталған жағдайда әр педагог дербес жауапты болады. Енгізілген материалдардың дұрыстығына немесе жалған болуына Жауапты тұлға жауапкершілік алмайды.

Комиссия педагогтің материалдарына (портфолиосына) өзгерістер немесе толықтырулар енгізуге құқығы жоқ.

Бұйрық жобасында Аттестаттау комиссиясының қызметін қайталайтын Сараптама кеңесін құру және олардың қызметіне қатысты нормалар алынып тасталды.

Педагогтердің білімін бағалауға қатысты:

- Ұлттық тестілеу орталығының базасында қаңтар айларында Ұлттық бірыңғай тестілеудің (ҰБТ) өткізілуіне байланысты педагогтердің білімін бағалау (бұдан әрі – ПББ) 2025 жылдың ақпан-шілде аралығында өткізу жоспарлануда. ПББ өткізу мерзімдері ҚР Оқу-ағарту министрінің бұйрығымен бекітілетін болады;

- 2025 жылы педагогтер ПББ-дан өту кезінде тек пәндік білімдерінен тест тапсырады;

- білім беру ұйымдарының басшылары, басшы орынбасарлары негізгі лауазымы бойынша да, пәнді оқытқан жағдайда педагог ретінде де жылына екі реттен (жалпы 4 рет) ПББ-дан өте алады.

Сонымен қатар, бұрын белгіленгендей **2025 жылдан бастап педагогтер «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санатын растаған жағдайда ПББ тапсырудан босатылады.** Алайда бұл санаттағы педагогтердің қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтауы (портфолио) қатаң қадағаланатын болады.

Сондай-ақ, «Жайлы мектеп» жобасы аясында қолданысқа берілген білім беру ұйымдарының педагогтерін аттестаттау рәсімінің дұрыс және уақытылы жүргізілуі бақылауға алып, ол бойынша жұмыстарды үйлестіру керек.

Бұйрық жобасына енгізілетін басқа да өзгерістер мен толықтырулар туралы егжей-тегжейлі ақпарат алдағы уақытта өтетін жиында таныстырылатын болады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, Орта білім беру комитеті аталған жұмыстардың маңыздылығын ескере отырып, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының басшылары осы сұрақтарды тікелей өз бақылауында ұстауын сұрайды.

Төраға

Қ. Жұмашев

Ж. Есимбекова, 74-27-26

Согласовано

09.12.2024 17:28 Дюсембаева Айман Тельмановна





09.12.2024 18:02 Чокушева Алия Иагалиевна

Подписано

09.12.2024 18:36 Жумашев Каныбек Бекболатович

Есимбекова Жанар Аожаалиевна 10.12.2024 09:50

Тип документа	Исходящий документ
Номер и дата документа	№ 20-1-20-7/8460-И от 10.12.2024 г.
Организация/отправитель	МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Получатель (-и)	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА ШЫМКЕНТ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
	ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ»
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АСТАНЫ
	ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ»
	ГУ УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ЗАПАДНО- КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ОБЛАСТИ АБАЙ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АЛМАТЫ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА СЕВЕРО- КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ВОСТОЧНО- КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ОБЛАСТИ ҰЛЫТАУ»	

	КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ
Электронные цифровые подписи документа	 <p>Согласовано: Дюсембаева Айман Тельмановна без ЭЦП Время подписи: 09.12.2024 17:28</p>
	 <p>Государственное учреждение "Министерство просвещения Республики Казахстан" Согласовано: ЧОКУШЕВА АЛИЯ MIRGgYJ...DJdCra5M= Время подписи: 09.12.2024 18:02</p>
	 <p>Государственное учреждение "Министерство просвещения Республики Казахстан" Подписано: ЖУМАШЕВ КАНЫБЕК MIRZAYJ...uH91hWA== Время подписи: 09.12.2024 18:36</p>
	 <p>Государственное учреждение "Министерство просвещения Республики Казахстан" ЭЦП канцелярии: ТАМАМОВА ЗАУРЕШ MIRqgYJ...DEOAwGr0= Время подписи: 10.12.2024 09:40</p>



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.